

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 10 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер! Жаһандық экономиканың құлдырауы, пандемия, геосаяси ахуалдың қиындауы алдымызда тұрған басым бағыттарды айқындап алуды талап ететіні белгілі. Осыған орай Президент биылғы Жолдауында жаңа жағдайдағы барлық іс-қимылды нақты белгілеп берді.

Бұл басымдықтарды іске асыру үшін Парламентке үлкен міндет жүктеліп отыр. Себебі біз Мемлекет басшысының әр бастамасын сапалы заңдармен қамтамасыз етуіміз керек.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауда алдағы уақытта нақты қандай заңдар қабылдануға тиіс екенін де көрсетіп берді. Соған сәйкес мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға тиісті түзетулер енгізілетін болды. Бұл мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыру үшін аса маңызды.

Қазіргі таңда осы бағытқа тың серпін керек екенін бәріміз көріп отырмыз. Сондықтан біздер, сенаторлар, бұл жұмысқа белсене атсалысайық.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жаңа ұлттық индустрияны дамытуға арналған жаңғыртылған заңнамалық негіз дайындауды және жыл соңына дейін «Өнеркәсіп саясаты туралы» заңды әзірлеуді тапсырды.

Мұның бәрі тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған бастамалар екені анық.

Квазимемлекеттік сектордың барлық сатып алу жұмыстарын реттейтін біртұтас заңды да жыл соңына дейін қабылдау міндеті қойылып отыр.

Шын мәнінде бұл салада мәселе аз емес. Соның бәрін заңмен реттеп, сатып алулардың ашық, әділ жүргізілуін қамтамасыз еткен жөн. Осы жұмысқа Сенат депутаттары өздерінің үлесін қосады деп сенемін.

Жолдауда Салық кодексін жетілдіруге, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуге және ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге баса мән берілді. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғаудың заманауи жүйесін қалыптастыратын Экологиялық кодексті қабылдау мәселесі де назардан тыс қалмады.

Президент азаматтардың, әсіресе балалардың құқығын қорғауға қатысты заңнамалық шаралар қабылдау керектігін айтты.

Өздеріңізге белгілі, қазір қоғамның белсенділігі айтарлықтай артып келеді. Азаматтарымыз көпшілікті алаңдатқан мәселелер бойынша пікірін ашық білдіріп, оларды шешу жолдарын да ұсынып жүр. Бұл үрдісті мемлекет мүддесі үшін тиімді пайдалану қажет.

Осыны ескеріп, Президент жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, қоғамдық бақылауды күшейту, қоғамдық кеңестердің рөлін арттыру бағыттарында құқықтық негіз қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

Өздеріңіз көріп отырғандай, алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Соның бәрін дер кезінде және жүйелі түрде жүзеге асыру үшін аянбай еңбек етейік.

Әрбір заң жобасын ұлттық мүдде, өңірлерді дамыту тұрғысынан қарап, талқылайық. Бұл – сенаторлардың міндеті.

Заң жобаларын қараған кезде азаматтық қоғам өкілдерімен, мемлекеттік емес ұйымдармен, мамандармен қоян-қолтық, тығыз жұмыс істеу қажет.

Қоғамның сұраныстарын ескеріп, өзекті проблемаларды талқылап, олардың шешілуіне үлесімізді қосу – негізгі басымдықтарымыздың бірі.

Біздің осы сессиядағы әрбір шарамыз ашық, өзекті, тиімді болып, нақты нәтижелерді қамтамасыз етуге тиіс. Алдағы уақытта сенаторлар осы бағыттарда белсенділік танытып, бәріміз бірлесіп, жұмысты нәтижелі түрде ұйымдастырамыз деп сенемін.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар.

Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Бұл заң жобасын Парламенттің бір топ депутаттары әзірледі.

Слово для доклада от имени инициаторов законопроекта предоставляется депутату Мажилиса Парламента Республики Казахстан Киму Роману Ухеновичу.

КИМ Р.У. Уважаемый Маулен Сагатханович! Құрметті әріптестер! Рассматриваемый проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам особо охраняемых природных территорий» инициирован депутатами Парламента Республики Казахстан: от Сената – Кылышбаевым Нурланом Наурызовичем, от Мажилиса – Ахметовым, Каныбековым, Кимом, Конуровым и Оспановым.

Изменения и дополнения вносятся в два законодательных акта – Земельный кодекс и Закон «Об особо охраняемых природных территориях».

Уважаемые коллеги, хочу отметить, что это точечные нормы, направленные на упрощение процедуры возврата в состав особо охраняемых природных территорий земель запаса, ранее выведенных из их состава для развития туризма и в настоящее время не используемых в указанных целях.

Эти изменения в основном связаны с возвратом земель Иле-Алатауского государственного национального природного парка, выделенных в свое время для строительства горнолыжного курорта «Кок-Жайляу», и части земель государственного национального природного парка «Бурабай».

Данные изменения вызваны необходимостью сохранения природных комплексов и объектов природно-заповедного фонда, имеющих особую экологическую, научную, историко-культурную и рекреационную ценность и расположенных на возвращаемых земельных участках.

Хочу также обратить внимание, что решение о переводе таких земель будет приниматься в зависимости от категории особо охраняемой природной территории, без разработки проектов естественно-научных и технико-экономических обоснований при наличии положительного заключения государственной экологической экспертизы.

Кроме того, депутатами для развития экологического туризма предложено расширить перечень услуг, оказываемых природоохранными учреждениями, поскольку согласно действующему законодательству такие услуги предусматриваются на уровне закона.

Прошу поддержать. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Сұрақ Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне қойылады.

Қарастырылып отырған заң жобасы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған өзінің таяудағы Жолдауында ерекше назар аударған ұлттық табиғи байлықтарды қорғауға бағытталған және босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне қайта ауыстыру мүмкіндігін көздейді.

Сұрақ: осындай шешімдерді қабылдау кезінде қоғамдық тыңдаулар өткізу қарастырылған ба? Қабылданатын шешімдер қаншалықты ашық және қолжетімді болады? Азаматтық сектормен сындарлы диалог, қоғамдық мониторинг, қадағалау және бақылау қалай жолға қойылады?

Бұл біз өңірлерге іссапарға барған кезде сайлаушылар көтерген мәселелер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Сергей Николаевич Громов.

ГРОМОВ С.Н. Спасибо за вопрос.

Должен ответить, что согласно статье 57-2 Экологического кодекса проекты нормативных правовых актов Республики Казахстан, нормативы технических, инструктивно-методических актов, реализация которых может привести к негативным последствиям, к воздействию на окружающую среду, не входят в перечень проектов, по которым необходимо производить общественные слушания. Однако проект НПА будет размещен на сайте нашего министерства и будет выставлен на открытое обсуждение в базе «Открытые НПА», как и любой НПА.

Что касается того, насколько доступными станут решения, как они будут конструктивно обсуждаться. Приказом о национальном парке создан координационный совет, так называемый общественный совет, в задачу которого входит взаимодействие представителей общественности, экоактивистов, тех, кто заинтересован в развитии парков. Как раз будет взаимодействие с обществом. Не реже двух раз в год они отчитываются перед населением и вносят какие-то конструктивные предложения в развитие особо охраняемых природных территорий.

Надо сказать, сейчас министерством большое внимание уделяется развитию волонтерского движения. Вместе с волонтерами, экоактивистами, представителями ЧС, правоохранительных органов практически каждые выходные и праздники проводятся рейды. Не только ловят нарушителей или каким-то образом воздействуют, в то же время они убирают эти же парки, мусор, пропагандируют здоровый образ жизни и экологически чистое отношение к нашим особо охраняемым природным территориям.

Мы всегда открыты, с общественными организациями мы всегда все обсуждаем, проводим, участвуем в офисе «Адалдық алаңы». Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым заң жобасын әзірлеушілерге жолданады.

Аталған заң жобасының мақсаттарының бірі бұрын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамынан шығарылған пайдаланылмайтын жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына қайтаруды жеңілдету болып табылады. Сонымен бірге заң жобасына сәйкес босалқы жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері санатына ауыстыру мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда ғана мүмкін.

Осыған байланысты сұрақ: мұндай сараптама қаншалықты орынды? Оны жүргізу мен келісу шараларын жүзеге асыруға қанша уақыт және қаражат кетеді? Және де мұндай талап жердің мәртебесін қайта қарауға кедергі болмай ма немесе босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына қайтарудан бас тартуға негіз болуына қауіп тудырмайды ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Роман Ухенович, вопрос к Вам, пожалуйста.

КИМ Р.У. Рақмет. Орысша жауап беруге рұқсат па?

ТӨРАҒА. Конечно.

КИМ Р.У. В Экологическом кодексе этому вопросу посвящен целый раздел, плюс еще есть подзаконный акт.

В данном случае экологическая экспертиза проводится для определения фактического состояния земель, изменения окружающей среды, геосферы и так далее. Это на момент передачи.

Сроки проведения экспертизы – порядка 15-45 дней в зависимости от объема работы.

Экологическая экспертиза в данном случае (это некоммерческий вариант) будет проводиться за счет уполномоченного органа, его специалистами. И она препятствием служить не будет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Әріптестер, басқа сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Роман Ухенович, присаживайтесь.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін күзетуге және қорғауға бағытталған.

Бүгінгі күні елдің экономикалық даму қарқынының өсуі және табиғи ресурстарды пайдалануды күшейту жағдайында биологиялық әртүрлілік элементі ретінде бірегей табиғи ресурстарды сақтау жүйесін одан әрі жетілдіру мәселесі өзекті болып отыр.

Қаралып отырған заң жобасының негізгі мақсаты туризм объектілерін және ерекше стратегиялық маңызы бар құрылыстарды салу және олардың жұмыс істеуі үшін бұрын шығарылған және мақсаты бойынша пайдаланылмаған жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына қайтару рәсімін оңайлату болып табылады.

Іс жүзінде мұндай жағдайлар «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің және Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жерлерінде орын алып, мақсаты бойынша пайдаланылмаған босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің құрамына қайтару, ауыстыру мәселесі туындап отыр.

Қаралып отырған заң жобасын қабылдау арқылы аталған мәселелерді шешумен қатар:

ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени құндылығы бар және кері қайтарылатын жер учаскелерінде орналасқан табиғи кешендерді және табиғи қорық объектілерін сақтау;

экологиялық туризмді дамыту және табиғат қорғау мекемелерінің өз қаражатын ұлғайту мүмкіндіктері туады деп күтілуде.

Заң жобасын жұмыс тобының отырыстарында қарау барысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамынан бұрын шығарылған босалқы жерлерді қайтару кезінде жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындау қажеттілігіне байланысты сұрақтар туындады. Алайда көтерілген мәселе «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 1-тармағын толықтыруға ұсынылған үшінші бөлігімен реттеліп, шешімін тауып отыр.

Сонымен қатар аталған заңның 23-бабы 2-тармағына толықтыруға ұсынылған төртінші бөлігіне сәйкес босалқы жерлерді қайтадан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жеріне ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Біздің пайымдауымызша, Үкімет бекітетін қағидаларда:
жер учаскесін қабылдап алатын комиссияның құрылуы;
қайтарылатын жерлердің жағдайын анықтау үшін арнайы іздестіру жұмыстарының жүргізілуі;

орман орналастыру жобасының жасалуы қарастырылуы керек.

Заң жобасы жұмыс тобының отырыстарында, Сенаттың тұрақты комитеттерінің отырыстарында, комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралды. Заң жобасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 1 қыркүйектегі Жолдауында экологиялық ахуалды жақсарту және қоршаған ортаны қорғау, биологиялық әрқелкілікті сақтау, табиғат байлықтарын заңдық және нормативтік тұрғыдан қорғау мәселелерінің еліміз үшін маңыздылығын ерекше атап өтті. Сондай-ақ жастарға экологиялық тәрбие беру ісіне айрықша назар аудару, ел ішіндегі экологиялық туризм мәдениетін белсенді дамыту жүктелді.

Сонымен қатар еліміздің стратегиялық даму жоспарымен негізделген эндемиялық, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін сақтап қалу мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесінің құрылуы, олардың желісін сақтау, кеңейту өте маңызды мәселелердің бірі.

Әріптестеріміздің бастамашылығымен әзірленіп, қаралып отырған заң жобасының негізгі мақсаты бұрын туризм объектілері мен ерекше стратегиялық маңызы бар құрылыстарды салу және олардың жұмыс істеуі үшін шығарылған, мақсаты бойынша пайдаланылмаған босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне қайта ауыстыру тәртібін оңайлату болып табылады.

Жалпы бұл заң жобасын қабылдау Президенттің қоршаған ортаны қорғау мақсатында берген тапсырмаларын орындауға ықпал етері сөзсіз.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі ұсынылып отырған заң жобасының жасыл экономика және қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы, сонымен қатар еліміздің экологиялық ахуалын жақсартудағы, экотуризмді дамытудағы маңыздылығын ескере отырып, оны қолдаймын және сіздерден осы заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бірінші оқылымда мақұлдау туралы Сенат қаулысының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер.

Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Құрметті әріптестер! Бүгін бірінші оқылымда қаралған заң жобасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге арналған.

Бұл өзгерістер заман талабына сай деп қабылдаймыз. Себебі соңғы айларда ел арасында қоршаған ортаны, жан-жануарларды қорғауға қатысты мәселелер қызу талқыланып жатқаны белгілі. Депутаттар осы заң жобасының тұжырымдамасын қолдап отыр.

Енді бас комитет жауапты министрлікпен бірлесіп, жұмыс барысында туындаған мәселелерді екінші оқылымға дейін жан-жақты талқылайды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралды. Енді депутаттық сауалдарға көшеміз.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағытталады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үстіміздегі жылы халыққа арнаған Жолдауында медицина саласының проблемасы мен дамуына ерекше көңіл аударған болатын.

Депутаттар таяуда ғана өңірлерде іс-сапарда болып, тұрғындармен кездесті, әсіресе жергілікті жердегі медицина саласының ахуалына барынша көңіл бөлді. Сала мамандарымен кездесу барысында денсаулық сақтау саласында шешімін таппай жатқан бірқатар күрделі мәселелердің бар екеніне көз жеткіздік. Әсіресе індетпен күрес кезінде медицина жүйесінің ең осал жақтары анықталды. Өкінішке қарай, жүйедегі кемшіліктер қоғамның қатаң сынына ұшырады, көптеген азаматтарымызды, оның ішінде дәрігерлеріміздің өмірін жұқпалы дерттің құрсауынан сақтап қала алмадық. Отандық медицина нарығы ауыр сынаққа төтеп бере алмады.

Соңғы он жыл ішінде Қазақстанда денсаулық сақтауды дамытудың екі мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Оған триллиондаған теңге қаржы бөлінді. Алайда саланы нығайтуға бағытталған жұмыстар денсаулық сақтаудың қазіргі проблемаларын неге жоя алмады, жүйені жоспарлы жаңғыртуды көздеген реформалардың игілігін неге көре алмадық деген заңды сұрақ туындайды.

Қаншама қабылданған шараларға қарамастан Денсаулық сақтау министрлігі халық денсаулығын қорғауды дамытудың жүйелі жолын таба алмағаны түсініксіз.

Сонымен бірге еліміздің көптеген ауруханаларында тыныс алу аппараттары (ИВЛ), орталықтандырылған оттегі, компьютерлік томографиялар, вакуум жүйесі жетіспейді. Стандарт бойынша ауруханалардың төсек-орын санының кемінде 10 пайызы өкпені жасанды тыныс алдыру аппаратымен қамтамасыз етілуі тиіс. Мұның бірде-біреуі сақталынбаған. Көптеген ауруханалардың қызметіне қалай лицензия беріліп келген?!

Көптеген аудандарда, ірі елді мекендерде аудандық ауруханалар, ауылдық амбулаториялар тапшы, не талапқа сай емес. Мысалы, Маңғыстау облысы бойынша ең ірі аудандардың бірі болып саналатын 170 мыңнан астам халқы бар Мұнайлы ауданында көпсалалы аурухана жоқ болғандықтан тұрғындар емделу үшін Ақтау қаласына сабылып, онсыз да төсек-орны жетпей жатқан қала ауруханаларына үлкен салмақ түсіруде. Осындай жағдай Шымкент қаласында да орын алууда.

Отандық дәрі-дәрмектердің үлесі бізде 20 пайыздың шамасын құрайды, қалған 80 пайызға жуығы шетелдіктердің үлесінде. Жеріміз дәрі жасайтын шөптерге өте бай. Өкінішке қарай, өзімізде оларды пайдалану жеткілікті түрде өндірістік жолға қойылмаған, есесіне дәрілік шөптерді заңсыз сыртқа шығару күшейіп келеді. Бұлай жалғаса берсе кейбір дәрілік қасиеті мол шөптердің тұқымы құрып кетуі мүмкін. Мысалы, соңғы алты жылдың ішінде елімізден сыртқа 50 мың тонна мия тамырлары шығарылған. Сондықтан отандық дәрі-дәрмек өндірісін жандандыруға байланысты Үкімет алдағы жылдары қандай жұмыстар атқарады?

Еліміздің денсаулық сақтау саласында білікті мамандардың жетіспеушілігі көз үйренген көрініске айналған және бұл мәселе жылдан-жылға өткірленіп келеді. Мысалы, қазір емдеу орындарында 4 мың дәрігер жетіспейді. Тіпті індет қаупі сейілмей тұрған бүгінде ірі орталықтар мен өңірлердегі ауруханалар мен емханаларда 800-ден астам инфекционистердің орны бос тұр. 2018 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен барған 706 жас маманның тек 355-і ғана көтерме ақы алды, 102 дәрігерге тұрғын үй

бұйырды. Қазір де дәрігер кадрларымен қамтамасыз ету қалада 56,8 пайыз болса, ауылда бұл көрсеткіш небәрі 16,1 пайызды құрайды. Қазақстанда медицина мамандарын даярлайтын алты жоғары оқу орны бар. Ондағы салалық мамандар даярлайтын медициналық-профилактикалық факультеттер жабылып қалған. Факультет жабылғанмен, мамандардың қажеттілігін өмір көрсетіп отыр. Сондықтан факультеттерді, кафедраларды қалпына келтіріп, оған арнайы мемлекеттік гранттар бөліп, мамандар даярлауға кірісу уақыт күттірмеуі керек деп санаймыз.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласында 250 мың медицина қызметкері, оның ішінде 72 мың дәрігер қызмет етеді. Индетпен алысқан жарты жылдан бері 16 медицина қызметкері халқымыздың амандығы үшін өз денсаулығына келер қауіп-қатерге қарамай, тәуекелмен қызмет етіп жүр. Ұлт денсаулығы – мықты мемлекет кепілі. Денсаулық саласын қандай озық құралдармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етсек те, ол білікті дәрігерді алмастыра алмасы анық. Ал Гиппократ антына адал жандардың еңбегі өте ауыр, жауапкершілігі мол. Сондықтан адам денсаулығы үшін аянбай еңбек етіп, ажалға араша түскен дәрігерлер қауымы үшін «Дәрігерлер мәртебесі туралы» заң қабылдауды ұсынамыз.

Әлі де болса Сенат депутаттары еліміздегі денсаулық сақтау саласының кейбір өңірлердегі жағдайын білуді және жүзеге асырылып жатқан іс-шаралармен танысуын жалғастырады және қыркүйек айында Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің отырысында Денсаулық сақтау министрінің арнайы есебін тыңдайтын боламыз.

Құрметпен, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшелері және сенатор Шелпеков».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің депутаттық сауалым Қазақстан Премьер-Министрдің атына жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Бүгінгі таңда ауыл медицинасына қатысты сұрақтар көп. Өкінішке қарай, пандемияның бірінші кезеңінде ауыл тұрғындары медициналық бақылаудан тыс қалды деп айтуға болады. Мемлекет тарапынан қабылданған шаралар ірі қалалар мен облыс, аудан орталықтарындағы жағдайды реттегенімен, ауыл медицинасы өлместің күнін кешіп жатты.

«Ауыл» партиясының жүргізген зерттеулері ауыл медицинасы жағдайының өте күрделі екендігін көрсетті. Партияның белсенділері мен еріктілері 200-ге жуық елді мекенді аралап, ауыл халқының денсаулығын қорғау мекемелерімен танысып, осындай қорытындыға келіп отыр. Көзбен көріп, тұрғындармен пікірлескендегі анықталған төмендегідей проблемаларды сіздің назарыңызға ұсынғым келеді.

1. Ауылдық елді мекендерде тұрғындарды емдеуге бейімделген стационарлардың тапшылығы.

Қазақстан бойынша 1999 жылдары ауыл халқына қызмет істеп тұрған 144 ауылдық аурухана саны соңғы он жылда 2,5 есеге қысқарып, бүгінгі таңда 60-ты ғана құрап отыр. Ақмола, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында ауылдық ауруханалар мүлдем қысқарып кеткен.

2. Ауылдық жерлердегі қызмет етіп тұрған дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттердің материалдық жағдайының нашарлығы.

Бұл мекемелердегі медициналық құрал-жабдықтар ескірген, ең қажетті жабдықтар тапшы, ғимараттардың тозығы жеткен. Еліміз бойынша осындай медицина мекемелерінің саны соңғы он жылда Қарағанды облысында 116-дан 65-ке, Қостанай облысында 117-ден 41-ге дейін, Солтүстік Қазақстанда 90-нан 58-ге дейін қысқарып кеткен. Яғни екі-үш есе қысқарған.

3. Ауыл тұрғындарына қызмет ететін дәріханалардың тапшылығы.

Нарық талаптарына сай, ауыл тұрғындары табысының төмендігіне байланысты ауылдық жерде жекеменшік дәріханалар атымен жоқ. Ал медицина мекемелерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің деңгейі өте төмен. Яғни ауылдықтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету күрделі проблемаға айналып отыр деп айтуға да болады.

4. Ауылдағы амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік бекеттерде қызмет істейтін дәрігерлердің кәсіби деңгейінің төмендігі, мамандардың жетіспеушілігі.

10 мың тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету деңгейі қалаларда 56,3 болса, ауылдық жерлерде тек 16,5 ғана құрайды, яғни 3,5 есе аз. Неге олай? Ауыл тұрғындарының қала тұрғындарынан айырмашылығы неде?

Соңғы он жылда Қарағанды облысында осы көрсеткіш 23-тен 15-ке дейін, Маңғыстау облысында 22,4-тен 14,1-ге дейін, Ақмола облысында 20,2-ден 13,5-ке дейін, Атырау облысында 23,4-тен 13-ке дейін қысқарып кеткен. Кейбір өңірлерде үш-төрт ауылға бір ғана фельдшер қалған.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, осылардың барлығын айта келе, ауыл тұрғындарының саулығы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі кепілі екендігін есіңізге салғым келеді. Сондықтан да ауыл медицинасын көтерудің кешенді шараларын қабылдау кезек күттірмейтін мәселе деп есептейміз. Қазіргі нормативтерді өзгерте отырып, халық саны 3000-нан асатын әрбір елді мекенде өзінің дәріханасы, жедел жәрдемі мен перзентханасы бар ауылдық ауруханаларды қалпына келтіруді тез қолға алу керек. Қажет жағдайда медицина қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етудің де, көшпелі дәріханаларды ұйымдастырудың да тұрақты шараларын қарастырған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Әли Бектаев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину Аскару Узакпаевичу.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Государственно-частное партнерство представляет собой механизм привлечения государственными органами финансовых, организационных и иных ресурсов частного сектора для достижения определенных публичных целей.

Опыт многих стран показал, что одних налоговых поступлений для решения инфраструктурных проблем недостаточно. Поэтому одним из эффективных способов решения этой задачи является механизм государственно-частного партнерства

На 1 июля 2020 года в Казахстане заключено 566 договоров на 1,5 триллиона тенге, из них введены в эксплуатацию 513 объектов на 475 миллиардов тенге, на стадии строительства 53 объекта стоимостью более 1 триллиона тенге.

1 сентября 2020 года в своем Послании Глава государства отметил о том, что любое незаконное вмешательство государственных структур в предпринимательскую деятельность, воспрепятствование работе бизнесменов будет восприниматься как тягчайшее преступление против государства.

Вместе с тем результаты проведенного анализа свидетельствуют о неэффективности работы уполномоченных органов по применению института государственно-частного партнерства. Государственными органами допускается необоснованное завышение стоимости объектов государственно-частного партнерства, заключение формальных договоров в целях увеличения показателей, в том числе с лицами, не являющимися субъектами ГЧП, либо частными партнерами, не соответствующими квалификационным требованиям.

Наряду с этим имеют место случаи неисполнения принятых в рамках договоров обязательств как со стороны частных, так и государственных партнеров.

Следует отметить, что большая часть наиболее затратных договоров ГЧП заключена путем прямых переговоров с частными партнерами. Это свидетельствует об отсутствии реальной конкурентной среды между предпринимателями на стадии отбора потенциальных частных партнеров.

В результате анализа выявлен ряд проблемных вопросов в правоприменительной практике и законодательстве о государственно-частном партнерстве. К ним можно отнести отсутствие четкого разграничения между проектами, подлежащими реализации через государственные закупки, от проектов, реализуемых в рамках ГЧП. Данный пробел в законодательстве зачастую используется госорганами для увеличения количественных показателей по реализации проектов ГЧП.

К проблемным вопросам также следует отнести отсутствие методики расчета вознаграждения за осуществление управления объектом ГЧП, находящимся в государственной собственности, а также отсутствие общественного контроля при принятии решения о заключении договора ГЧП и его дальнейшей реализации.

Одной из основных задач ГЧП является привлечение инвестиций в экономику государства путем объединения ресурсов государственного и частного партнера для развития инфраструктуры и систем жизнеобеспечения населения. На деле оказывается, что реальная поддержка новых сфер бизнеса, расширение рынка отечественных товаропроизводителей и вовлечение в круг партнерства новых предпринимателей отсутствует.

На основании изложенного необходимо внести предложение о внесении изменений и дополнений в действующее законодательство по предупреждению и устранению указанных недостатков и нарушений.

Кроме того, Главой государства поручено в течение следующего года разработать новую нормативно-правовую базу деятельности малого и среднего бизнеса.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» о результатах рассмотрения депутатского запроса и

принятых мерах по их реализации прошу дать письменный ответ в установленный законом срок».

Более подробный анализ данного вопроса будет направлен в расширенном варианте депутатского запроса.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз Қожамжаров Қайрат Пернешұлына беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біз депутаттық сауалымызды Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолдаймыз.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Президент Жолдауында атап өткендей, ұлттық қауіпсіздікті нығайту – уақыт талабы және өзекті мәселе.

Ұлттық ұлан әскери бөлімшелері еліміздегі қоғамдық қауіпсіздік пен азаматтардың құқықтарын қорғауда ерекше орын алады. Әсіресе төтенше жағдайларда олардың қызметі аса ауыр жағдайда өтіп, өмірлері мен денсаулықтарына төнген қауіп-қатерге қарамастан өздерінің әскери міндеттерін абыроймен орындауда.

Ұлттық ұланның әскери дайындығы мен қызметтік қабілеттілігінің жоғары деңгейде болуы ел тұрақтылығының кепілі. Сол себепті осы салада соңғы жылдары шешімін таппай жүрген төмендегідей жүйелі мәселелерді қарастыруларыңызды сұраймыз.

Бірінші, әскери бөлімшелерді заманауи қару-жарақпен, арнайы және жеке қорғану құралдарымен жабдықтау мәселесі. Олардың тізімі мен қаржыландыру көлемі сауалда көрсетілетін болады.

Екінші, Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің тұрғын үй төлемдері бойынша қарыздың өсуі және Үкімет тарапынан төленбеуі. Тиісті шаралар қолданбаса жыл соңына дейін оның мөлшері 4 миллиард теңгеге жетпек.

Үшінші, 2017 жылдан бері инфляцияға қарамастан сарбаздардың күндік тамақтануы 1225 теңге деңгейінде қалып отыр. Бұл құнға тек қана азық-түліктің ғана бағасы емес, сонымен оның өңделуі, жеткізілуі және даярлауы енген.

Сапасыз тағам әскерилердің денсаулығына теріс ықпалын тигізуде.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Сенат комитетінің сауалында осы және басқа да проблемалар егжей-тегжейлі атап көрсетілді.

Қол қоюшылар Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жуырдағы Қазақстан халқына Жолдауында жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін қажетті жағдай жасауды тапсырды.

Қазіргі уақытта ауылдық елді мекендерде мал шаруашылығы өнімінің 66 пайызы өндіріледі, мал басының 30 пайызы да осында. Өкінішке қарай, бұл орасан зор биологиялық актив мемлекеттік қолдаудан тыс қалып, ешқандай технологиялық процестерге тартылмай отыр. Жеке қосалқы шаруашылықтар «шын мәнінде өлместің күнін көріп отыр» деп Президент ашық айтты.

2016 жылы жер реформасы төңірегінде қоғамның толқуы орын алған кезде ауылдық елді мекендерде жайылымдық және шабындық жерлермен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе болған еді.

Ел басшылығының жүктеген тапсырмаларына сәйкес бірқатар шаралар қабылданғанымен, бұл мәселе бүгінгі күнге дейін шешілмей келеді. Жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтендіру бойынша Үкіметтің қабылдаған шаралары да табысты болмады, себебі нақты орын алған проблемаларды шешуге бағытталған кешенді тәсілдік жүйесі, яғни кооперативтердің дұрыс жұмыс атқаруын қамтамасыз ететін тиісті технологиялық құрылымы жасалмады.

Осы орайда бұған дейін жіберілген қателіктерді және де еліміздегі озық тәжірибелерді назарға ала отырып, әрбір өңірдің ерекшелігі мен қыр-сырын ескеріп, жеке қосалқы шаруашылықтарды дамытудың нақты механизмін қалыптастыру дұрыс болар еді.

Қандай мәселелерге баса назар аудару керек екендігі депутаттық сауалдың толық жазбаша мәтінінде көрсетілген. Біз бұны жергілікті атқарушы органдардың оны шешудегі оң тәжірибесіне сүйеніп айтып отырмыз, сондықтан бұл шешілетін мәселе. Мемлекетіміздің осы өзекті мәселені қысқа мерзім ішінде шешуге барлық мүмкіндігі бар деп есептеймін.

188 миллион гектар жайылымдық жері бар, осы көрсеткіш бойынша әлемде 5-ші орындағы ел бола отырып, ауылдық жердегі малды «ашқұрсак» қалдыру – кешірілмейтін әрекет.

Аталған мәселені шешуде барлық деңгейдегі әкімдерге саяси ерік пен табандылық керек. Бұл жұмысты әкімдердің қызметін бағалау рейтингісінің негізгі көрсеткіші ретінде енгізіп, оларды барынша жұмылдыру қажет.

Бұл іске мемлекеттік аса маңызы бар ұлттық жоба ретінде қарауға тиіспіз. Ауылдық жерлердегі тұрғындар негізінен өзіміздің қандастарымыз.

Егер біз айтып отырған мәселені шешсек, тек қана мал азығының сапасын көтеру арқылы ауылдық елді мекендерде өндірілетін ет пен сүттің өнімділігін кем дегенде 30 пайызға арттыра аламыз. Бұл еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы нағыз серпілісі болар еді, өйткені аталған жоба жеке қосалқы шаруашылықтағы мал басының әлеуетін арттыруға, яғни қолда бар ресурстарға негізделеді. Сондай-ақ миллиондаған ауыл халқы үшін күнкөрістің жалғыз көзі мал өсіру болғандықтан, олардың табысын көбейтуге бағытталған зор мультипликативтік ықпалға ие болмақ. Сайып келгенде мұның барлығы ауылды экономикалық тұрғыдан жандандыруға игі әсерін тигізетін қуатты құрал болатыны сөзсіз.

Құрметпен, депутат Күрішбаев».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, басқа сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, қазір біз бүкіл әлеммен бірге шын мәнінде жаңа жағдайда өмір сүріп отырмыз. Алдымызда тұрған басты міндет экономикалық өсімді қалпына келтіру және азаматтардың әл-ауқатын арттыру екені белгілі. Осы бағытта бәріміз жұдырықтай жұмылып жұмыс істейік.

Осымен Сенаттың бүгінгі отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҒЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 10 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам особо охраняемых природных территорий», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Р.У. КИМНІҢ баяндамасы

Доклад депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан КИМА Р.У. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 3

ГРОМОВ С.Н. – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің вице-министрі, вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан 3

ҚАНИЕВ Б.Н. 4

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Ә.Т. НҰРАЛИЕВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий НУРАЛИЕВА А.Т. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МУСИН Д.М. 6

Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 7


Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	9
Депутат А.И. ЛУКИНИННІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	10
Депутат Қ.П. ҚОЖАМЖАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ҚОЖАМЖАРОВА К.П. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	12
Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	12

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева